

РЕСПУБЛИКАШІЛІК ҚАТЫНАСТА ЖҮК ТАСЫМАЛДАУ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН. ӨТКЕН ЖЫЛДАН БАСТАП ЛОКОМОТИВТЕР ПАРКІН ЖАҢАРТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛІП, 113 ЛОКОМОТИВ САТЫП АЛЫНДЫ. БҮГІНГІ ТАҢДА ЖҮК ВАГОНДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ 136 МЫҢ БІРЛІКТІ ҚҰРАЙДЫ. БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖҮК ҚҰРАМЫН ЖАҢАРТУ МАҚСАТЫНДА 242 ВАГОН САТЫП АЛЫНДЫ. ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ, БАҚТЫ – АЯГӨЗ, ДАРБАЗА – МАҚТААРАЛ, АЛМАТЫ АЙНАЛМА ЖОЛ СИЯҚТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ САЛУ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН КЕҢЕЙТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР.



Нұржан КЕЛБҰБАНОВ,
ҚР Көлік министрлігі теміржол және су көлігі комитеті төрағасының орынбасары



№35 (2965)
23/04/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫН АЛҒАН

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына енгізілген Достық – Мойынты телімінде салынып жатқан екінші жолдар құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жоба келешекте Қытай мен Еуропа арасындағы транзиттік тасымал көлемін, учаскенің өткізу қабілетін 5 есеге дейін ұлғайтып, тасымалдау жылдамдығын тәулігіне 1 500 шақырымға дейін арттырады деп күтілуде.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Қазір телімде қандай шаруалар атқарылып жатқанын құрылыстың басы-қасында жүрген Ірі жобаларды іске асыру дирекциясының өкілі Асылбек Айтқазинов баяндап берді. Оның айтуынша, Мойынты станциясынан 19-разъезде дейінгі жалпы ұзындығы 836 шақырымды құрайтын барлық учаскелерде жол төсемінің құрылысы бойынша жұмыстар басталған. Бүгінгі таңда 12 аралықта жерді топырақпен толтыру жұмыстары толықтай аяқталса, тағы 19 аралықта осы шаруалар атқарылууда екен. Құрылыс кезеңінде 6 миллион текше метрден астам топырақ төселіпті. Жол салу жұмыстарына 24 құрылыс


компаниясы мен 440-тан астам техника жұмылдырылған.

Рельс-шпал торкөздерін құрастыру бағытында да жұмыс қарқын алған. Жарық, Үштөбе, Орта-Дересін, Ақтоғай, Ашыөзек, Жақсы-бұлақ станцияларында орналасқан 6 өндірістік базада құрастырылууда. Бүгінгі таңда 613 шақырымнан асатын рельс-шпал торкөздері дайын. Жолдың үстінгі құрылымын төсеу 20 аралықта жүргізілуде. Бүгінде 380 шақырымнан астам жол төселіп, 16 жекелеген пунктте 40 бағыттағыш бұрма салынған. Сонымен қатар Мойынты – Балқаш-1, Балқаш-2 – Орта-Дересін және Саяқ – Разъезд-19 учаскелерінде төселген 200 мың текше метр шамасындағы қиыршық тас балласталған. Ал



61 көпір мен 202 су өткізгіш құбырда құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде 21 көпір мен 151 су өткізгіш құбырдың құрылысы аяқталуға жақын. Жасанды құрылыстарды салуға 27 мердігер мекеме жұмылдырылған.

– Теміржол желісінің өн



бойында энергетикалық нысандарды қайта құрылымдау және қайтадан орнату жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда 7942 желілік тірек орнатылып, 201 шақырым электр сымдары тартылған. Энергетика шаруашылығына қатысты нысандардағы жұмыстарды «Проект ЭНС»

ЖШС, «АСПМК-519» ЖШС, «Арнайы Құрылыс» ЖШС қосалқы мердігерлер атқаруда. Ал 25 аралықта және 15 жекелеген пунктте СОБ және байланыс жабдықтарын алып және қайта құру жұмыстары жүргізілген. Барлығы 251 СОБ және байланыс жабдықтарын қайта орнату жұмыстары аяқталды. Бұл бағыттағы шаруаларды «СК Арсенал КЗ» ЖШС, «Теміржол жөндеу» ЖШС және «Digital Future» ЖШС сияқты мамандандырылған мердігер ұйымдар атқаруда, – дейді дирекция өкілі.

Суреттерді түсірген автор

Үндеу

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

2024 жылы «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы жүктер мен жолаушыларды қауіпсіз және сапалы тасымалдауды қамтамасыз ету, мемлекеттің транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту бойынша жұмысын жалғастырады. Мыңдаған адамнан тұратын Компания ұжымының алдында үдерістер тиімділігін арттыру, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру міндеттері тұр.

Қызметіміздің стратегиялық бағыттарының бірі – еңбекті қорғау және өндірістік үдерістер қауіпсіздігі жүйесін одан әрі жетілдіру. Компаниямыз үшін қызмет көрсету, еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты қорғау басты құндылық болып табылады. Өкініштісі сол, қабылданған шараларға қарамай, статистика алаңдатарлық. 2023 жылы біз 6 әріптесімізден айырылдық. Міндетті мерзімді медициналық тексеруден өткеннен кейін жұмыс орындағында денсаулығы күрт нашарлау жағдайлары артты. Көбінесе технологиялық үдеріске қатысушылар еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын сақтамайды, ал осы талаптардың орындалуына жауапты әріптестері тарапынан болып жатқан бұзушылықтарды көрсете көрмеген болып шет қалады.

Біз еңбек қауіпсіздігі мәселесінде көзқарасымызды түбегейлі өзгертуіміз керек. Әркім кез келген бұзушылыққа төзбеушілік танытуға міндетті. Әрқайсымыздан қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау талап етіледі. Сонымен қатар ұжым үшін басшы еңбек қауіпсіздігі қағидаттарын ұстанудың жеке үлгісі болуы керек.

Іс жүзінде бөлімшелердің бірінші басшылары қауіпсіздіктің мінез-құлық диалогтарын тұрақты жүргізбейді. Тіпті жүргізілгенің өзінде, орын алған жазатайым оқиғалардың негізгі себептері жұмысшылар тарапынан болып жатқан қауіпті әрекеттерге емес, қауіпті жағдайларға көп назар аударылады.

Егер әріптестерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе, компанияның әрбір қызметкеріне кез келген жұмысты тоқтату құқығының берілуі – жарақаттануды азайтуға бағытталған тиімді құралдардың бірі болып табылады. Бұндай мінез-құлық тәсілі мен қауіпсіздікті басқаруға жеке қатысу компанияда қалыпты жағдайға айналады деп үміттенемін.

Біздің міндетіміз – жарақаттануды толығымен жою, өндірістің апатсыз жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмысшылардың санасында еңбек қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру. Еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттанудың алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілген кезде ғана нәтиже береді. Біздің барлық құрылымдарымызда жазатайым оқиғалардың санын нөлге жеткізу үшін барынша күш салу керек.

Жұмыс істеу үшін қауіпсіз ортаны бірге құрайық!

Нұрлан САУРАНБАЕВ,
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы

Сотрудничество

ПАРТНЕРСТВО ОТЛК: развитие железнодорожной логистики

В Астане состоялась рабочая встреча АО «КТЗ Express» и АО «ОТЛК», на которой обсуждены вопросы взаимодействия и планы на будущее. Особое внимание в рамках переговоров уделено формированию стратегии взаимодействия с китайскими и европейскими компаниями при осуществлении перевозок, улучшению условий сервиса и созданию дополнительных услуг для клиентов.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Состоявшаяся встреча подтвердила не только важность партнерства между ключевыми игроками в области железнодорожной логистики, но и стремление к постоянному развитию и совершенствованию сервисов для клиентов. Отмечено, что сотрудничество позволяет обеспечить доступ к зарубежному рынку сбыта казахстанских товаров с учетом предоставления оптимальных маршрутов поставки и минимизации транспортных расходов. Для достижения этих целей стороны активно работают над созданием и развитием экспортных логистических мультимодальных сервисов. По данным аналитиков, АО «Объединенная транспортно-логистическая компания – Евразийский железнодорожный альянс» закрепило за собой статус ведущего железно-



дорного оператора в области организации транзитных перевозок контейнеров в сообщении Китай – Европа – Китай на территории ЕАЭС. Это совместное предприятие железных дорог Казахстана, Беларуси и России. При этом Казахстан является ключевым участником процессов евразийской логистики. Фокусировка на транзитных потоках в республике является одной из ключевых частей страновой стратегии. Постоянно повышается доля казахстанского транзита в общем объеме перевозок контейнеров в сообщении КНР – ЕС – КНР по инфраструктуре колеи 1520 мм. По словам генерального директора АО «ОТЛК» Алексея Грома, в последнее время изменилась структура перевозимых товаров. Сервис год от года становится доступным практически для всех категорий грузов. Ведь организаторам важно, чтобы как можно больше производителей, трейдерских компаний почувствовали преимущество железнодорожного транзита, который конкурентоспособен по цене и обеспечивает по инфраструктуре стран ЕАЭС сервис с высочайшей степенью сохранности и конкурентен по

срокам доставки, что позволяет продукции появляться на другом конце Евразии практически в три раза быстрее, чем, например, морским видом транспорта.

Благодаря такой политике сегодня АО «ОТЛК» является лидером трансевразийских железнодорожных контейнерных перевозок, предоставляет комплексные услуги по перевозке грузов на самом протяженном участке от границы с Китаем до границы с Европой.

За годы работы коридор подтвердил свою эффективность и конкурентоспособность независимо от внешних факторов. Постоянно растет и география перевозок, появляются новые точки зарождения груза. Также ведется постоянное совершенствование технологических процессов, цифровизация. Это дает еще большую прозрачность перевозкам, напрямую влияет на скорость в оформлении документов.

Фото автора

БІРЛЕСКЕН КОМИТЕТ ҚҰРАДЫ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан мен Түркия аралас жүк тасымалын дамыту жөніндегі бірлескен комитет құрады. Бұл туралы Көлік вице-министрі Сәтжан Абдалиев айтты. Ол Парламент Сенатында Қазақстан мен Түркия үкіметтері арасындағы жүктерді халықаралық құрама тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы Заң жобасын ұсынды.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Заң жобасы әртүрлі көлік түрін пайдалана отырып, жүк тасымалдарын жеңілдетуге және Қазақстан

мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Келісімді ратификациялау екі ел арасында автомобиль, теміржол және су көлігімен орындалатын жүктерді

тасымалдау көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Көлік министрі орынбасарының айтуынша, аталған құжат Кеңестің теңдестіру және тауарларды жеткізу мерзімі 19-23

қосатын теміржол желілерінде, атап айтқанда халықаралық контейнерлік блок-пойыздар үшін тиісті байланыстар мен транзиттік қызметтер көрсетуді көздейді, сондай-ақ кедендік ресімдеу ережелерін ескере отырып, екі ел арасында жүктерді тасымалдау шарттарын айқындайды.

«Қазіргі уақытта біз аралас Транскаспий халықаралық көлік бағыты арқылы Қытайдан Еуропаға жүктерді жеткізу мерзімдерін қысқарту бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Оған теміржол, автомобиль және су көлігі қатысады. Қазірдің өзінде маршрут бойынша жүктерді өткізу және тауарларды жеткізу мерзімі 19-23

күнге дейін қысқартылды, оның ішінде 6 күн – Қазақстан аумағы бойынша. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 есе жылдам. Бұл келісім Транскаспий халықаралық көлік бағытының дамуына әсер етеді», – деді С.Абдалиев.

Ол келісімді орындау барысындағы мәселелерді реттеу үшін тасымалдауды дамыту жөніндегі бірлескен комитет құрылатынын айтты. Оның басты міндеті транзиттік тасымалдардың жылдамдығы мен сапасын арттыру болады. Көлік министрінің мәліметінше, келісімді ратификациялау бойынша жұмыстар қазіргі уақытта Түркия елінде де жүргізіліп жатыр.



Жанат БЕКТУРСУНОВ,
начальник станции Шемонаиха:

ПОСЛЕ ПОВЫШЕНИЯ ЗАРПЛАТЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКАМ НА СТАНЦИИ ШЕМОНИАХА ПРАКТИЧЕСКИ НЕТ ТЕКУЧЕСТИ КАДРОВ. У НАС ХОРОШИЙ СОЦИАЛЬНЫЙ ПАКЕТ: ПРЕМИИ, ОПЛАЧИВАЕМЫЙ ТРУДОВОЙ ОТПУСК, МАТЕРИАЛЬНАЯ ПОМОЩЬ К НЕМУ. ТАКЖЕ ПРЕДОСТАВЛЯЮТСЯ ПУТЕВКИ В САНАТОРИИ, РАБОТНИК ОПЛАЧИВАЕТ ЗА НИХ ВСЕГО 10%. И ПЛЮС – БЕСПЛАТНЫЙ ПРОЕЗД НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ ТРАНСПОРТЕ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ
570,64 км
ТЕМІРЖОЛҒА КҮРДЕЛІ
ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗУ
ЖОСПАРЛАНҒАН.

БІРІНШІ ТОҚСАНДА
ҚЫТАЙҒА ТЕМІРЖОЛМЕН
ЭКСПОРТҚА

3,2 млн тонна
ЖҮК ТАСЫМАЛДАНДЫ.

ЖОЛАУШЫЛАР
ТАСЫМАЛЫ ӨТКЕН
ҮШ АЙДА

5,2 млн
АДАМҒА ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТКЕН.

ТӘЖІКСТАННАН ЖЕТКЕН ЖҮК

Ақылбек ӘМЗЕ,
Сарыағаш



Еліміздің батыс өңірі мен бірқатар облыстардағы су тасқынына байланысты бауырлас елдерден гуманитарлық көмектер жеткізіле бастағаны белгілі. Өткен демалыс күндері Сарыағаш станциясы Тәжікстан мемлекетінен келген жүкті қабылдап алды.



Іргелес жатқан бауырлас елден 59 вагонға тиелген гуманитарлық жүк – құрылыс материалдары мен азық-түлік және гигиеналық заттар, керулет пен төсек-орын жабдықтары, т.б. бүгінгі таңда табиғи апаттан зардап шеккен өңір халқына қажетті дүниелер екен.

Сарыағаш станциясында жүк тиелген вагондарды қабылдау шарасына жергілікті жердің атқарушы билік өкілдері мен Шымкент жол бөлімшесінің бастығы Нұрдәулет Байғазиев бастаған сарыағаштық теміржолшылар және Қазақстан мен Тәжікстан республикасының ресми өкілдері қатысты.

– Ел басына күн туып, ер азамат етіпкен су кешкен кезеңде көмек беріп, қол ұшын сөзған тәжік бауырларға зор алғыс білдіреміз. Сарыағаш – шекаралық станция болғандықтан, салтанатты қабылдау шарасын осында өткіздік. Ендігі жерде жылжымалы құрам тоғыз жолдың торабы Арыс станциясындағы сұрыптау паркінде таратылып, су басқан өңірлерге жөнеліледі, – дейді Нұрдәулет Тасбалтаулы.

Айта кетейік, Тәжікстан мемлекеті 59 вагоннан бөлек, 13 жүк көлігін жолға салып, жалпы салмағы 3 500 тонна гуманитарлық көмек жіберген. Оның басым бөлігі батыс аймақтарға жеткізіледі деп жоспарланып отыр.

Суретті түсірген автор

СТАНЦИЯҒА САЯХАТ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Тараз



Тараз көлік және коммуникация колледжінде «Автоматика, телемеханика және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару» мамандығы бойынша білім алып жатқан 2 курс студенттері Тараз станциясына экскурсия жасады.



Арнайы пән оқытушысы А.Әділбаев АТУ-22-1 тобының студенттеріне «Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және телемеханикалық бақылауды орындау» пәні бойынша өтетін тақырыптық сабақтардың теориясын іс жүзінде көрсете отырып түсіндірді.

– Теміржол көлігіндегі сигнализация туралы нұсқаулықтың негізгі ережелеріне сәйкес, пойыздардың қозғалысы және теміржол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулық бар. Соның бірі – станциялардағы әр түрлі сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғылары және пойыздардың қозғалысы кезінде сигнал беру және байланыс құралдары кезінде пойыздарды қабылдау, жөнелту және өткізу. Теміржол көлігіндегі қозғалысты басқаратын мамандар осы нұсқаулықты және тәжірибе жүзінде қалай іске асыру керектігін білуі керек. Сондай-ақ студенттер теміржолда және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу жағдайында пойыздарды қабылдау және жөнелту іс жүзінде қалай орындалатынын тәжірибеде көрсете отырып өткен теориялық ережелерді есте жақсы сақтайды, – дейді А.Әділбаев.

Тәжірибелік сабақта болашақ мамандар теміржол бойында пойыздарды қабылдау және жөнелту кезінде қандай сигналдар берілетінін іс жүзінде көрді. Сондай-ақ оларға жол бойындағы бағыттамалық бұрмалар арқылы қозғалыстар қалай басқарылатынын түсіндірді.

Жалпы мамандар білім берудің дуалды жүйесінде тәжірибелік сабақтардың берері көп екенін айтады. Колледждің өндірістік оқыту шебері Т.Мырзабаев мұндай дәрістерден кейін студенттердің мамандыққа деген қызығушылықтары арта түседі дейді.

Мысалы, «Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығының 1 курс студенттеріне «ЖамбылРемСервис» ЖШС кәсіпорнына саяхат ұйымдастырылған. Өндіріс шебері кәсіпорынның негізгі міндеттерімен және өндіріс жұмыстарымен таныстырып, мекеме базасындағы жұмыс қалай орындалатынын, бөлшектерді жөндеудің толық циклы қалай өтетінін көрсетіп, түсіндірген. Экскурсиялық сабақтан соң болашақ мамандар аралық сынақтарда жақсы нәтиже көрсеткен.

Суретті түсірген автор

БІЗГЕ БІЛІКТІ МАШИНИСТ КЕРЕК



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Түркістан

Бүгінгі таңда Түркістан локомотив пайдалану депосы балансындағы 18 локомотивтің 15-і жаңадан шыққан отандық «Эволюшн» сериялы ТЭ-33А тепловозы. Ал қалған үшеуі маневрлік қозғалысты ұйымдастыруға жұмылдырылатын ТЭМ-2 локомотивтері. Атап өту керек, вагондарды ары бері тасымалдап, сұрыптау жұмысын атқаратын маневрлік локомотивтер бүгінгі таңда бір ғана тұлғамен басқарылады. Бұл дегеніміз, алып техниканы ешқандай көмекшісіз машинисттің бір өзі жеке-дара жүргізеді деген сөз. Жаңартып-жаңғырту нәтижесінде тетіктері жетілдірілген маневрлік локомотивтер ескі болса да жарамды.

– Жауапкершілігі зор маневр жұмысына тәжірибелі машинисттер ғана қабылдайды. Кемі 10 жылдық еңбек өтілі болуы керек. Себебі жалғыз өзі жылжымалы құрамның қауіпсіз қозғалысына жауапты болудың жүгі жеңіл емес. Олардың көпшілігі екінші класты машинисттер. Ол пойыз құрастырушымен өзара түсінісіп, бір ырақта жұмыс істейді. Жылжымалы құрамдардың арақашықтығы мен тұрған жерін, бәрі-бәрін алақандағыдай көріп, вагон сұрыптау ісін асықша иіру маневрлік машинисттің тәжірибесі мен ше-

Қазіргі кезде іс жүргізудің оңтайлы әдістері жария болып, озық үлгілі технология шапшаң дамығанымен адам қолымен жүзеге асырылатын еңбектің тәжірибесі қашан да құнды. Түркістандық локомотившілер жұмысымен танысқанда бұған тағы да көз жеткіздік.



берлігіне тікелей байланысты, сондықтан олардың еңбек қауіпсіздігін қатаң сақтауына мұқият назар аударып, уақытты тынығуы да жіті бақылауда болады, – дейді депо директорының өндіріс бойынша орынбасары Ерғазы Кенжебеков.

Жалпы, Түркістан локомотив пайдалану депосы Арыс пен Қызылорда аралығындағы жүк және жолаушылар тасымалын жүзеге асырады. Әрине, осы аралықта жүрдек жолаушылар пойызының қатынауын да қамтамасыз етеді. Ол үшін кәсіпорында арнайы локомотив бригадалары бар. Жалпы, жолаушылар тасымалдайтын бригаданың өзі екіге бөлінеді. Жоғары жылдамдықтағы тальго пойызының локомотив бригадала-




рына талап та жоғары. Бұл жерде олардың еңбек өтілі мен біліктілік тәжірибесі маңызға ие. Сонымен қатар жылдамдығы төмен санатқа жататын жүк және жолаушылар пойызының машинистеріне қойылатын талап та төмен емес.

– Бүгінгі таңда Түркістан локомотив пайдалану депосында 144 машинист пен машинист көмекшілері еңбек етеді. Оның 18-і бірінші класты, 54-і екінші класты машинистер. Ал қалған 70 машинист пен көмекшілері үшінші класс санатына жатады. Қазіргі кезде біздің машинистердің орташа жасы 50-де. Олар кезең-кезеңімен әрбір екі жыл сайын Астана іргесіндегі Оқу орталығында біліктіліктерін жетілдіріп тұрады. Сонымен қатар техникалық кабинетте күн сайын сағат 10:30 және 15:30-да локомотив бригадаларына техникалық дәріс өткізу дағдыға айналған. Қажет болған кезде жоспардан тыс оқу-әдістемелік дәрістер ұйымдастырылып тұрады. Қысқасы, жүк және жолаушы тасымалындағы негізгі тұлға санатын машинистерге талап жоғары. Бізге білікті машинист керек, – дейді Ерғазы Кенжебеков.

Суреттерді түсірген автор

ҚАУІП СЕЙІЛДІ ДЕГЕНМЕН...



Атырау облысында су тасқынына қарсы шаралар жалғасып жатыр. Төтенше жағдай жарияланған бойда ҚТЖ Құлсары қаласына су сорғыштармен жабдықталған су шаюға қарсы 3 пойыз, өртке қарсы 2 пойыз жеткізді және 293 теміржолшы Жылыой ауданына көмекке барды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Батыс» филиалы Атырау қосалқы бөлімінің бастығы Аслан Базарғалиевтің мәліметінше, бүгінде тәулігіне 14 жүк пойызы мен 5 жолаушылар пойызы тоқтаусыз жүріп жатыр. Ұлттық компанияның ұйымдастыруымен 5 сәуірден бастап Атырау-Құлсары-Атырау, Құлсары-Маңғыстау-Құлсары бағыты бойынша қосымша 5 жолаушылар вагоны бар ақсыз пойыз ұйымдастырылып, Жылыой ауданының 6 517 жергілікті тұрғыны Атырау, Мақат, Бейнеу, Маңғыстаудың қауіпсіз аймақтарына шығарылған. Қосымша



жолаушылар пойыздарымен 900 адам тасымалданды. Жалпы су тасқыны орын алған 5 сәуірден бастап осы күнге дейін 7 417 адам қауіпсіз аймақтарға теміржол

көлігі арқылы шығарылып, Құлсары қаласына су тасқынымен күреске 5 623 адам еріктілер күші жеткізілген.

Мақат – Құлсары аралығында 122 су өткізгіш жасанды құрылыс нысандары болса, соның ішінде қазіргі уақытта 6 су өткізгіш көпір жұмыс жасап тұр. Су деңгейі қазір түсіп келеді, қауіп сейілді. Дегенмен, жұмыс тоқтаған жоқ. Атырау қосалқы бөлімі өздеріне бекітілген Қызылбалық, Құрманғазы ауылдарының жағажай бөгеттерін бекіту жұмыстарын қазіргі таңда 80 пайыз аяқтап қалды. Онда күніне 100 адам, 13 техника жұмыс істеуде. Сонымен қатар су тасқынының алдын алу бойынша Ұлттық компанияның ұйымдастыруымен Шымкент, Алматы, Отырар, Маңғыстау, Шиелі, Жарық, Талас, Бадам, Ақтөбе аймақтарынан техникалар көмекке келіп, 285 вагон, соның ішінде 1 794 әскери, 334 жүргізуші, 313 түрлі техника (бульдозер, КаМАЗ, экскаватор, т.б.) түсірілді. Сонымен қатар Құлсары – Доссор аралық автокөлік жолын ашуға 80 вагон қиыршық тас пен құм Құлсары қаласына жеткізіліп, түсірілген.

Атырау теміржолшыларының күшімен Құлсары қаласына зардап шеккен тұрғындарға әлеуметтік көмек ретінде азық-түлік, құрал-сайман жіберілді. Одан бөлек Атырау, Мақат станцияларына да еріктілерге арналған «Біргеміз» бекеттері ашылып, Құлсары қаласына 14 вагон керек-жарақ жеткізілді.

Суретті түсірген автор


ШТАТТАН ТЫС ИНСПЕКТОР

28 сәуір – Дүниежүзілік еңбек қорғау күні. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғау талаптарына аса мұқият қарайтын ақтөбелік штаттан тыс инспектор Алтынғүл Ысқақова өндірістегі еңбек қорғау мәселесі қашан да өзекті, оған ұдайы көңіл бөлу қажет деп санайды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Батыс» филиалының бас инспекторы Жасұлан Рысқалиев Қандыағаш станциясының жетекші инженері Алтынғүл Ысқақованы еңбек қорғау инспекторы төсбелгісімен марапаттап, оның қоғамдық жұмыстарға белсенділігі үшін алғыс айтты және штаттан тыс инспектор ретінде өндірісте талай бұзушылықтың алдын алған еңбегін әріптестеріне үлгі етті.

«Өндірістік сала болып саналатын теміржолда қауіпсіздік, еңбек қорғау – басты тақырып. Дегенмен, шалғай бөлімшелер мен цехтардағы еңбекті қорғау мәселесі көп көңіл бөлуі қажет етеді. Себебі үлкен кәсіпорындарда қауіпсіздік, жұмысшыларға жағдай жасау мәселесі талапқа сай. Бұзушылық көбінесе көзге



көп көрінбейтін, елене бермейтін жерден табылады. Сондықтан өндірісте қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бәріміз мұдделіміз», – деді Алтынғүл Ысқақова. Кейіпкеріміз өңірдегі белгілі теміржолшылар әулетінің өкілі. Ысқақовтар әулетінің саладағы еңбек өтілі 500 жылға жуық. Айтуынша, отбасынан жолшы, машинист, вагоншы, механик, станция кезекшісі, т.б. теміржолдың түрлі саласындағы мамандар шыққан. Алтынғүл 2012 жылы еңбек жолын Никельтау станциясында оператор болып бастап, кейін Қандыағашқа парк кезекшісі болып ауысады. 2023 жылдан бастап станцияда жетекші инженер. Төрт бағытқа қызмет көрсететін республикалық маңызы бар Қандыағаш станциясында қауіпсіздік қызметін үйлестіріп отырған маманның бірі.

Суретті түсірген автор

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ



Семей ЖТ бөлімшесі биылғы 2023-2024 жылғы жылу беру маусымын қорытындылады. Аймақ бойынша маңызды саналатын бұл мәселеде тек коммуналдық қызмет саласы ғана емес, теміржолшыларға да жүктелген жауапкершілік аса жоғары.

Абай ЕРТИС,
Семей

Биылғы қыс Семей теміржолына қарасты барлық нысандар қатты отынмен дер кезінде қамтылып, жазғы жөндеу жұмыстарының нәтижесі себепті апатты жағдай орын алмады. Мұның сыртында ТЧӨ-24 сынды бірқатар мекемелердің жылу желілері де жаңартылған болатын.

Десек те, шығыстың қаһарлы қысында теміржолшылар үшін үлкен міндет аймақты дер кезінде көмірмен қамту екені белгілі. Осы ретте қатты отын саудасы бойынша дүрбелең орын алған жоқ. Барлық жылу қазандықтары дер кезінде көмірмен қамтылып, ең кемі екі аптаға жететін отын қоры тұрақты түрде сақталып отырды. Оған Семей ЖТ бөлімшесі қабылдаған бірқатар тың шаралар да себеп болды.

Жалпы, биылғы қыста жергілікті теміржолшылар облысты




600 мың тоннаға жуық қатты отынмен қамтылды. Бұл жылдық жоспардың 99 пайызы деген сөз.

Тәулік сайын облыс көлеміндегі әр теміржол тұйығына орта есеппен 30 вагон көмір немесе 2 мың тонна қатты отын уақытында жеткізіліп тұрды. Бұрынғы жылдардағыдай іркіліс, вагон тапшылығы орын алмады.

Айта кетейік, жуырда жылу беру маусымының аяқталуына орай қалалық әкімдікте өткен жиында өңір басшысы шаһарды жылумен қамтуға атсалысқан ұйым басшылары қатарында бөлімше директоры Алмас Сейсемқановқа алғыс айтты.

НА ПОМОЩЬ ПОСТРАДАВШИМ В АТЫРАУ



Больше 10 тонн гуманитарного груза помогли отправить железнодорожники Усть-Каменогорска со станции Новоустькаменогорск на помощь пострадавшим от паводка в город Кульсары Атырауской области. Продукты питания, предметы первой необходимости, инструменты и материалы для противодействия паводку – их собрали жители Восточно-Казахстанской области, которые оказались неравнодушными к чужой беде.



Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Земеститель начальника станции Новоустькаменогорск Даурен Айтуганов отметил, что железнодорожники предоставили грузовой вагон, который ушел по

направлению на станцию Кульсары. Руководитель областного фронт-офиса волонтеров, директор Молодежного ресурсного центра управления общественного развития ВКО Айдос Әділбеков отметил, что совместно с военно-технической школой,

рабочей молодежью и фондом «Зекет» Духовного управления мусульман они помогли в сборе и погрузке гуманитарной помощи для жителей Кульсары.

– Здесь у нас в основном продукты питания, также мешки, лопаты, мотопомпы, резиновые ботинки, – объяснил он. – В сборе всех этих вещей на базе фонда «Зекет» участвовали жители всех районов, городов ВКО, потом все отправили в Усть-Каменогорск, где у нас была основная точка сбора гуманитарной помощи. Фонд предоставил нам бесплатные автомобили «Газель» для перевозки груза до железной дороги. До этого больше 20 тонн гуманитарного груза мы отправили в Северо-Казахстанскую область, но по автодороге. В

этот раз обратились за помощью к железнодорожникам. И они нас поддержали. Представитель ЦС «ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева нам очень помогла, она курировала этот вопрос от начала и до конца. Мы очень благодарны всем неравнодушным гражданам нашей области.

Представитель фонда «Зекет» Берік Кадырұлы добавил, что помимо вещей жители ВКО собрали на помощь пострадавшим от паводка в Атырауской области свыше 700 тысяч тенге. Но до приезда гуманитарного груза в Кульсары, считает он, пожертвований будет намного больше. Ранее для помощи жителям СКО, которые пострадали от подтоплений, было отправлено более полутора миллионов тенге.

Фото автора

ОСОБЕННОСТИ И РЕЗУЛЬТАТЫ



В первый день весеннего комиссионного осмотра в регионе станция Отар отмечена как лучшее предприятие Алматинского отделения грузовых перевозок.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

Отмечено выполнение всех эксплуатационных показателей, включая погрузочно-выгрузочные операции в соответствии с технологическим процессом станции, а также обсуждены вопросы охраны труда и обеспечения достойных условий для работников.

Начальник станции Азат Есентай доложил членам комиссии поездную обстановку, после чего началась проверка станции по всем направлениям. Проверив журналы учета технологического процесса по организации движения поездов, работники отдела безопасности, технического блока задали несколько



вопросов дежурному по станции на знание руководящих приказов, инструкций, ПТЭ, а также причин возникновения браков, допущенных в этом году, обстоятельности сходов. В процессе проверки сделали визуальный осмотр всех служебных и технических зданий, оценили работу товарных кассиров и узнали, как

проходит оформление вагонов и выдача грузов.

Первый заместитель директора Алматинского отделения магистральной сети Адил Дуйсеев, главный ревизор отделения Мейрамбек Серикбаев вместе со своими подопечными провели осмотр пути, проверили стрелочные переводы, табельные

для работников путевого хозяйства. Из поля зрения членов комиссии не ускользнули и вопросы социального характера, которые сегодня волнуют работников как больших, так и малых станций.


Особый упор был сделан на вопросы охраны труда и личной безопасности, включая переход пути в неустановленных местах, проведения информационной работы с населением и организации совместных рейдов с транспортными полицейскими.

Работники отряда противопожарной службы также не остались без дела. Обследовав здание, проверили нормативно-техническую документацию, нормативов личного участия руководящего состава, формуляров, посещение охраняемых переездов, проверили противопожарную безопасность, посетили посты военизированной охраны, посетили работу осматрищиков вагонов.

Оценивая станцию Отар, руководителем отметили, что в целом станция хорошо подготовилась к осмотру.

Фото автора

ЕСТЬ НАД ЧЕМ РАБОТАТЬ



